

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 1096 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы" Жарлығының жобасы туралы" 2003 жылғы 11 сәуірдегі N 349 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы Қазақстан Республикасының Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге қол қоюы туралы

Қазақстан Республикасында адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын нығайту және оның демократиялық қағидаттарға адалдығын растау мақсатында қаулы етемін:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда Нью-Йорк қаласында қабылдаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге (б ұ д а н ә р і - Пактілер) қол қойылсын.

2. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі Ержан Қозыұлы Қазыхановқа Пактілерге қол қоюға және оларды бекіту кезінде қосымша түсініктер тұжырымдау мүмкіндігі туралы мәлімдеуге өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ержан Қозыұлы Қазыхановқа Пактілерге қол қоюға өкілеттіктер сертификатын берсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК